

Айгүл Әбдіраманова

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 27 жылдан бері еңбек етіп, білім және ғылым саласының дамуына үлес қосқан педагогтардың бірі - «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, философия ғылымдарының кандидаты Айгүл Әбдіраманова.

Айгүл Темірханқызының халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында және ғылыми-әдістемелік журналдарда 47, Scopus базасындағы журналдарда 3 мақаласы жарық көрген. Сондай-ақ, 1 ғылыми-әдістемелік оқу құралдың авторы.

Педагог еліміздегі кәсіпкерлік мәдениеттің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеумен айналысып, осы бағытта ғылыми еңбек даярлады.

Ұстаз бүгінде облыстық білім басқармасы ұйымдастырған республикалық олимпиада, ғылыми жоба сайыстарында өз саласы бойынша төрағалық етіп, жас таланттардың шындалуына үлес қосуда. Сондай-ақ, ұстаздарға әдістемелік көмек көрсетіп, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына бағыт беруде.

Айгүл Темірханқызы білімді ұрпақ тәрбиелеуге және ғылым саласына қосқан үлесі үшін облыстық білім басқармасының «Алғыс хаты», Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құрмет грамотасымен», «Үздік оқытушы» медалімен марапатталған.